

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ
Ғылыми кеңес отырысында
23. 05. 2025 ж. № 11 хаттамамен
БЕКІТІЛДІ

D062 – «Мәдениеттану» білім беру бағдарламалары
тобына докторантураға түсушілерге арналған
емтихан бағдарламасы

I. Жалпы ережелер

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы сұхбаттасудан, эссе жазудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

Блогы	Балы
1. Сұхбаттасу	30
2. Эссе	20
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	50
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 10 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

II. Түсу емтиханын өткізу тәртібі

1. D062 – «Мәдениеттану» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250 сөзден кем болмауы керек.

Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын құрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау.

Эссенің түрлері:

- зерттеу қызметіне ынталандырушы себептерді ашатын мотивациялық эссе;
- жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдістемесін негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе;

- пәндік саладағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

**Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға
дайындалуға арналған тақырыптар**

**«Мәдениет типологиясының теориясы мен әдіснамасы»
пәні**

Тақырыбы: Мәдениеттер типі ұғымының әдістемелік қырлары.

Тақырыпшалар: Мәдениеттер типологиясының бағыттары, динамикасы, негізгі ағымдары, қазіргі заман мәдениетінде мәдени құндылықтар. Ежелгі мен қазіргі заман мәдениеттеріндегі көркемдік және философиялық өзіндік тип, жаңа және бұрын белгісіз типтер, өнердің жаңа типтері.

Тақырыбы: Адам бойындағы табиғилық және жасандылық.

Тақырыпшалар: Технология әлемді игеру құралы ретінде. Мәдениет және рухани өндірістің өнімдерін тұтыну. Рухани мәдениет адамның өзіндік санасы ретінде. Бейсаналық, сана мен жоғары сана.

Тақырыбы: Мәдениет және діл.

Тақырыпшалар: Инстинкт пен ақылдың арасы. Салт және дәстүрлер мәдениет негізі.

Рәсім және мәдениет. Мәдениеттегі дәстүр мен инновацияны арақатынасы.

Тақырыбы: Постфигуративті, кофигуративті және предфигуративті мәдениеті, білім және мәдениет.

Тақырыпшалар: Мәдениеттегі өнердің рөлі. Мәдениет және адамгершілік. Мәдениеттің негізгі функциялары: гуманистік, коммуникативтік, реттеуші, ақпараттық, аксиологиялық, тектік, болжамдық.

Тақырыбы: Адам мен мәдениет түрлері.

Тақырыпшалар: Мәдениет типологиясын зерттеудің басты құралдары. Адамның философиялық доктринасы. Адам және жеке тұлға. Мәдениеттегі биологиялық және әлеуметтік қатынастар.

Тақырыбы: Гуманизм және мәдениет.

Тақырыпшалар: А.Швейцердің «өмірге құрмет» тұжырымдамасы, Тейярд де Шарденнің

«адам феномені», Л.Н. Толстой және Махатма Гандидің күш көрсетпеу этикасы. Озық ойшылдардың қоғамның катыгездеуіне қарсы күресі. Әмбебап өркениеттің қалыптасуындағы мәдениеттің рөлі. Мәдениеттің тоталитарлық тұжырымдамалары, мәдениеттің технократтық түсінігін шектеу. Адамның

ынтымақтастығы және аномиясы.

Тақырыбы: Ғылыми-техникалық революцияның заманауи ұғымдары.

Тақырыпшалар: ҒТР - өркениеттің жаңа түріне көшу. Өнеркәсіптік, постиндустриалды, ақпараттық қоғам. Мәдениеттегі ғылымилық пен антисциентизм. Мәдениет саласы.

Тақырыбы: Қазіргі заманғы мәдениеттің моделі.

Тақырыпшалар: Қазіргі заманғы адамзат бірлігі мен айырмашылықтары. Дихотомиялар: Шығыс - Батыс, Солтүстік - Оңтүстік. С.П. Хантингтон суперөркениет теориясы туралы (Батыс, Конфуций, Жапон, Ислам, Иудейлік, Славян-Православ, Латын Америкасы, Африка). Мәдениет түрлерінің негізгі үлгілері: діни, батыстық, азиялық-тынық мұхиттық, постсоциалистік, батыстық, азиялық, дәстүрлі. Әлемдік өркениеттегі түркі әлемінің рөлі.

Тақырыбы: Жеке тұлғаның типологиясы мен құндылығы.

Тақырыпшалар: Адам ақылға қонымды, экономикалық және ойыншыл жан ретінде. Эрих Фромм теориясы бойынша адамның табысты бағдарлануы. Темперамент, мінез және тұлға Қаланың және ауылдың мәдениеті. Мәдениеттің демографиялық және гендерлік аспектілері (ерлер мен әйелдер, жастар, қарт адамдар). Мәдени құндылық.

Тақырыбы: Этномәдениеттер типологиясы.

Тақырыпшалар: Мәдениеттану және этномәдениет. Этнос және ұлт.

Этномәдениетте

«ұлттық мәдениет», «ұлттық сәйкестік», «ұлттық сипат», «ұлттық сезім», «ұлттық психология» ұғымдары. Ана тілі - ұлттық мәдениеттің негізі.

Тақырыбы: Маргиналды мәдениет.

Тақырыпшалар: Мәдениет және маргиналдық. Маргиналдық мәдениеттер. «Мәдени- ұлттық автономия» теориясы. Ұлттық топтардың құқықтарын сақтау демократияның маңызды белгісі. Заманауи әлемдегі ұлттық мәдениет. Нәсілшілдікке, космополитизмге, еуроцентризмге және ұлтшылдыққа жол бермеу.

Тақырыбы: Посткеңестік кеңістіктегі этносаралық қарым-қатынастардың шиеленісуінің себебі.

Тақырыпшалар: Этномәдениетті үйлестіру мәселелері. Этномәдениеттегі әмбебаптылық және ұлттық мәселе. Қазақстан Республикасындағы ұлттық саясат.

Тақырыбы: Мәдениет және табиғат: типологиялық аспектілері.

Тақырыпшалар: Мәдениет – табиғат. Экологиялық мәдениеттің ықпалы. Биосфера - биотехника - ноосфера. Мәдениетке деген органикалық көзқарас. Мәдениеттің пайда болуы немесе табиғаттың ізгіленуі. Генетикалық және мәдени эволюцияның үйлесімділігі. Мәдениет адам табиғатынан ажырауды жеңу тәсілі ретінде.

Тақырыбы: Мәдениет пен табиғат арасындағы өзара әрекеттесу түрлері (симбиоз, апобиоз, диабиоз).

Тақырыпшалар: Табиғатқа қатысты адам шовинизмін жеңі. Мәдениеттің космологиялық тұжырымдары, мәдениет экологиясы және оның қазіргі өркениеттегі рөлі. Өркениеттің өсуі мен эрзац-мәдениеттің кеселі

Тақырыбы: БАҚ және адам мен мәдениетті манипуляциялау.

Тақырыпшалар: Мәдени құндылықтардың коммерциялық критерийі, оларды репликациялау және тұтыну стандарттарының конвейерлік тәсілі. Адам - барлық нәрсе өлшемі. ХХІ ғасыр өркениетінің жолы мен перспективасы - руханилық және мәдениет. Мәдениеттер типологиясының мағынасы. Мәдениеттануға арналған «тип» және «типология» категорияларының әдіснамалық маңыздылығы. Әлемдік тарихтағы мәдениет түрлерінің бірлігі мен алуан түрлері.

Тақырыбы: Әлемдік тарих пен өркениеттің бірыңғай бірлігі теориясы.

Тақырыпшалар: Өркениеттердің қалыптасуы және әлеуметтік-мәдени типологиясы. Мәдениеттің циклдік қатынастары (О. Шпенглер, К.Данилевский, А.Тойнби). Белдеулік уақыттың теориясы К. Ясперс. Евроцентризм және мәдениеттердің типологиясы.

Тақырыбы: Постмодерн ХХ ғасырдың соңындағы мәдениет жағдайы ретінде.

Тақырыпшалар: Батыс мәдениетінің құрылымы тарихи болмыс ретінде. Постмодерн адамзаттың босатылуының тек Құдайдың еркі бойынша ғана емес, ақыл-парасат, өзін-өзі көрсету, сонымен қатар заманның күшінен тыс ұлы жоба ретінде. Постмодерндік жағдайдың пайда болуы және уақыт мәселесі. Постмодерндегі уақыт ағымының бұзылуы. Қазіргі (заманауи) тұрғылықты жеріне көшу және «осы жерде» және «қазір» тәжірибе бойынша. Қазіргі уақыт - сенуге болатын жалғыз шындық. Августиннің жалпы қабылданған уақыттың үш түрінің жоқтығы туралы және олардың қазіргі көзқарас тұрғыдан бар болуы: қазіргіден өткенге, бүгінгіден – қазіргіге, қазіргеден болашаққа.

Тақырыбы: Постмодерндегі «жаңа» түсінік ерекшелігі.

Тақырыпшалар: Жаңа әлемді бағалау тәсілі: рахатпен сынау, таңдану және көпшілікті таңқалдыру. Жаңадан туылудың темпоралды үдету тенденциясы, қаһарман және пір тұтудың ауысуы. Жаңашылдық - қоғамның талаптарына және негізіне шақыру ретінде. «Шексіз өмір сүру» және «барлық ережелерді бұзу», «өз қалауыңша істеу»-ге шақыру, өмір мен мінез- құлықтың жаңашылдық эврикасының басымдығын көрсету.

Тақырыбы: Постмодернизм мәдениетінің негізгі ерекшеліктері мен сипаттамалары.

Тақырыпшалар: Постмодерн мәдениетінің параметрлері. Постмодерн мәдениетінде онтологиялық, эпистемологиялық, тарихи-мәдени және эстетикалық параметрлерді бөлу. Әлемді трансформациялауға, әлемді жүйелеуге әрекет етуден бас тарту, постмодернизмнің өзіне тән ерекшеліктері ретінде жүйеге қарсы әрекеттерден бас тарту, «ақыл-ойдың онтологиясын» қалыптастыруға ұмтылудағы күмәннің болмауы. Тұрақты тұтастыққа (Шығыс- Батыс, капитализм-социализм, еркек-әйел) байланысы жоқ, дәстүрлі тұжырымдамалық қарама- қарсылықтардан

(пәндік-объективті, толық емес, ішкі-сыртқы, нақты-қиял) ойлаудың пайда болуы.

Тақырыбы: Классикалық философиялық парадигманы классикалық емес бөліктердің эпистемиологиялық тұрғысынан сынау.

Тақырыпшалар: Постмодернизмнің мәдени және дүниетанымдық бағдарламасының ерекшелігі: Ф. Кафка, Р. Музил, П. Пикассо және В.В. Кандинский, И Стравинский музыкасы, С. Ле Корбюзьенің сәулеті, А. Хичкок, А. Тарковскийдің фильмдері. Эстетика және постмодерн өнері үшін сенімнің символы – Дерриданың тұжырымдалған мәтінінің бұзылуы идеясы. Мәтін мен контекст, тіл және мета тіл арасындағы айырманы жою.

Тақырыбы: Эстетиканың міндеті метафораны жаңғырту мәселесі ретінде. Тақырыпшалар: Бүкіл әлем метафора ретінде, адамдар метафораның жолаушылары, олар автомобильде жүргендей өмір сүріп, саяхаттайды. Мәдениеттегі постмодернизм диалог пен ашықтыққа негізделген трансұлттық және көпұлтты құбылыс, рухани өмірдің алуандығына бағдарлану.

Тақырыбы: Сюрреализм өнердегі жетекші бағыт ретінде, өнердің сахнадан тыс шеңбердегі әдісі (инстинкттер, армандар, елестер)

Тақырыпшалар: Логикалық байланысты бұзу, әдісі – еркін қауымдастықтардың логикалық байланыстарының бұзылуы. С. Дали, П.Блум, И.Танги еңбектері, объектілер мен құбылыстарды араластырудың парадоксальдық логикалығы. Л. Бретонның сюрреализм манифестін қалыптастыруы. Сюрреалистің ұраны - «сұлулық – тігін машинасының кездейсоқ кездесуі және анатомиялық үстелдегі қолшатыр» (Лотреамон).

«Мәдениет экологиясы» пәні

Тақырыбы: Әлемдік өркениеттегі мәдениет экологиясының орны.

Тақырыпшалар: Мәдениет экологиясы тарихының негізгі кезеңдері. Қазақстанның экологиялық мәдениеті мен европоцентризм сыны. Номадизм – қазақ мәдениетінің архетипі ретінде. Қазақ мәдениетінің экологиялық әлемі. «Мәдениет» (латын cultura) «жақсарту, жетілдіру» ретінде. Адам – пәндік қызмет субъектісі ретінде, әлемнің өзгеру түпнегізі.

Тақырыбы: Адам – тұтынушы экофильді руханилық және адамгершілік болмаған кездегі ұтымды білімді пәндік қабілеттер мен дағдылар ретінде арттыру.

Тақырыпшалар: Қоғам мен биліктің арасындағы билік құралдарының функциясы арқылы туындайтын шынайы қауіп қатер. Адамзат мәдениетін тірі тұтастық ретінде құру стратегиясы. Мәдениеттің корреляциялық функциясы тұтастай алғанда оның кіші жүйелері: ғылым, экономика, саясат және қазіргі кезде аса маңызды - тірі табиғат. Диалог пен синтез – әрбір ұлттық-аймақтық мәдениеттің даму жолдары мен нысандары, шығармашылық дара тұлғалардың жиынтығы ретінде.

Тақырыбы: Мәдениет экологиясы және оның қазіргі заманғы мәдениеттанудан айырмашылығы (ғылымның пәндік саласы ретінде).

Тақырыпшалар: Мәдениеттің экологиялық потенциалын оларды Жаратушы-Адамның мақсатты түрде жасау, әрі қарай дамуы үшін логикалық тұтастығымен сәйкестендіру. Ұлттық экологиялық саясаттың басым бағыттары ретінде халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Қазақстанның орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы. Табиғи байлық пен табиғи ресурстардың құндылығын арттыру – Қазақстанның ұлттық экологиялық саясатының басты басымдығы.

Тақырыбы: Экологиялық саясаттың басым бағыттары, қоршаған ортаны қорғау.

Тақырыпшалар: Экологиялық құқық, қоршаған ортаны басқару, ғылым, экологиялық білім беру және экологиялық халықаралық ынтымақтастық. Қоршаған ортаны қорғау экологиялық саясаттың тиімділігінің көрсеткіші ретінде. Экологиялық саясат басымдықтарының контекстінде биоәртүрлілікті сақтау мәселесі. Аймақтың экологиялық саясатының өзекті мәселелері.

Тақырыбы: Экологиялық өркениеттің қалыптасуы.

Тақырыпшалар: Экологиялық саясаттың басым бағыттары: қоршаған ортаны қорғау, экологиялық құқық, қоршаған ортаны басқару, ғылым, экологиялық білім беру және экологиялық, халықаралық ынтымақтастық.

Тақырыбы: Қоршаған ортаны қорғау экологиялық саясаттың тиімділігінің көрсеткіші ретінде.

Тақырыпшалар: Экологиялық саясат басымдықтарының контекстінде биоәртүрлілікті сақтау мәселесі. Аймақтың экологиялық саясатының өзекті мәселелері. «Экологиялық мәдениет» ұғымы. Адамдардың экологиялық сана-сезімі. Халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы проблемалар мен қайшылықтар: экологиялық нашарлау, экологиялық жауапсыздық, табиғатқа утилиталық қарым-қатынас, экологиялық сауатсыздық, экологиялық енжарлық. Халықаралық, федералдық және аймақтық тұжырымдамалар, заңдар мен экологиялық білім беру бағдарламалары және экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Тақырыбы: Халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың мақсаттары мен міндеттері.

Тақырыпшалар: Экологиялық өкілдіктерді қалыптастыру. Экологиялық этиканы және табиғатқа адамгершілік қатынасты қалыптастыру. Табиғатты экологиялық қолайлы пайдалану әдістерін меңгеру. Табиғатпен қарым-қатынастың жеке дамып келе жатқан әлеуетін меңгеру. Халықтың экологиялық белсенділігін қалыптастыру. Аймақтың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың нақты мәселелері мен міндеттері. Халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі қызметті ұйымдастыруды реттейтін негізгі аймақтық құжаттар.

Тақырыбы: Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың басымдылық тегіктері.

Тақырыпшалар: Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың басымдық құралдары мен мекемелері. Экологиялық білім беруді дамытудағы қазіргі заманғы үрдістер. Экологиялық білім беру қызметі. Экологиялық насихат.

Тақырыбы: Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың көркемдік құралдары.

Тақырыпшалар: Халықтың басымдықты мақсатты топтарымен жұмыс істеу ерекшелігі: ересек тұрғындар, мектеп оқушылары мен студенттер, саясаткерлер мен менеджерлер, бай адамдар, мұғалімдер, ғалымдар, мәдениет және өнер қайраткерлері, қорғалатын табиғи аумақтардың жергілікті тұрғындары және т.б.

Тақырыбы: Басым мәселелер: білікті мамандарды даярлау.

Тақырыпшалар: Әлеуметтік-экономикалық жобалар, экологиялық тәрбиелеу; мемлекеттік білім беру стандарттарының мазмұнына сай тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қамту; қоғамдық ұйымдардың табиғат қорғау идеяларын дәріптеу; табиғат қорғау құрылымдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының, мәдениет мекемелерінің білім беру қызметі; экологиялық білім беру мен білім берудің гуманитарлық аспектілерінің рөлін күшейту. Халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша қызметтің тиімділігін бағалау критерилері мен әдістері.

Тақырыбы: Экологиялық білім беру мен экологиялық ағарту жұмыстарының аймақтық тәжірибесі.

Тақырыпшалар: Аймақтық, экологиялық-білім беру және оның экологиялық-ағартушылық әлеуетін және даму келешегін талдау. Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тарихи-философиялық негіздері. Экологиялық сананың мәдени-тарихи кезеңділігі мәселесі. Экологиялық сананы жүйелі талдау: «қамтылу – қарама қарсылық», «табиғат объектілерін қабылдау – табиғатты субъективті қабылдау», «табиғатпен қарым- қатынастың прагматикалық сипаты – табиғатпен өзара әрекеттесудің прагматикалық емес сипаты».

Тақырыбы: Архаикалық санадағы табиғат әлемі.

Тақырыпшалар: Адами тәлім берудегі табиғатқа деген көзқарас. Табиғат дүниенің материалдық бейнесінде. Антропоцентрлік экологиялық сананың мәні. «Адамның ерекшелігі парадигмасы». Дәстүрлі «батыс» және «шығыс» мәдениеттеріндегі табиғатқа қатысты көзқарастардың ерекшелігі. Экорталықты экологиялық сана-сезімнің мәні мен түпнегізі.

Тақырыбы: Ноосфера туралы ілім.

Тақырыпшалар: Америкалық инвайронментализм: «табиғат қорғаушылар» және «экологтар». Биоцентризм. Әмбебап этика. Қоршаған орта этикасы. «Жаңа инвайронментальды парадигма». Техногендік экологиялық апаттардан (Чернобыль ауданы АЭС) зардап шеккен адамдардың табиғатқа қатысты ерекшеліктері. Қоғамдық экологиялық сана-сезімді дамытудағы мәдени-тарихи үрдістер.

Тақырыбы: Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың психологиялық негіздері.

Тақырыпшалар: «Адам-табиғат» жүйесіндегі пәнаралық сипаты. экологиялық

психология және онымен байланысты пәндерге шолу: әлеуметтік экология, мінез-құлық географиясы, экологиялық әлеуметтану, психологиялық экология мен адам экологиясы.

Тақырыбы: Экологиялық сананың психологиялық зерттеуінің методологиялық негіздері.

Тақырыпшалар: «Қоршаған орта» және «табиғат әлемі» ұғымдары. Адамның табиғатқа тәуелділігінің субъективті сипаты. Табиғатқа деген психологиялық типология. Табиғи ресурстардың психологиялық құндылығы. Табиғатқа субъективтік қатынастың құрылымдық және динамикалық сипаттамалары. Табиғатқа субъективті қатынасты психологиялық өлшеудің параметрлері. Диагностикалық әдістерді қолдану. «Натурфил» табиғатқа деген субъективті көзқарасты саралау үшін сауалнама.

Тақырыбы: Вербальды қоғамдастық әдістемесі.

Тақырыпшалар: «ЭЗОП» - адамның қоршаған ортаға қатысты көзқарасын саралау. Табиғи кешендерді субъективтілеу деңгейін саралау әдістемесі. «Доминант» - табиғатқа қарым- қатынастың үстемдігін диагностикалау әдістемесі. «Альтернатива» - табиғи объектілерге қатысты қызметтің артықшылықтарын анықтау үшін дифференциалды-диагностикалық сауалнама. «Қорық мифтері» ұлттық бағы мен қорықтың қызметі, халықтың қатынасын саралау әдістемесі. Экологиялық және психологиялық зерттеулерді жоспарлау және жүргізу. Эмпирикалық деректерді статистикалық өңдеу, талдау және интерпретациялау.

Тақырыбы: Экологиялық-психологиялық мониторинг халықтың табиғатқа және табиғатты қорғау қызметіне қарым қатынасы.

Тақырыпшалар: Мектепке дейінгі жастағы жасөспірімнің табиғатқа қарым-қатынасы. Өскелең ұрпақтың табиғатқа қарым қатынасы. Халықтың табиғат пен табиғат қорғау қызметіне қатынасының экологиялық-психологиялық мониторингі. Мектепке дейінгі жастағылардың табиғатқа деген көзқарас. Кіші мектеп жасындағылардың табиғатқа деген көзқарас. Жасөспірімдердің табиғатқа деген көзқарасы. Жеткіншектердің табиғатқа деген көзқарас.

«Постмодернизмнің мәдениет философиясы» пәні

Тақырыбы: XX ғасырдың соңғы үш он жылындағы мәдениеттің түбегейлі өзгерістері.

Тақырыпшалар: Постмодернизм мәдениетін қалыптастырудың алғышарттары. Қазіргі заман мәдениеті мен постмодернизмнің негізгі сипаттамасы. Постмодернизм мәдениетін зерттеудің негізгі тәсілдері

Тақырыбы: Постмодерн түсінігі және тарихы.

Тақырыпшалар: Постмодерннің негізгі мәні. Постмодерн мәдениеті құрылымының тарихы. Постмодернизм мәдениетін зерттеудің негізгі мәселелері. Постмодернизм мәдениетін зерттеудің негізгі әдістері. Постмодернизм мәдениетін зерттеудегі релятивисті көзқарас. Ж.Ф.Лиотар «Постмодерн дегеніміз не?» жұмысы.

Тақырыбы: Модерн және постмодерн.

Тақырыпшалар: Модерн және постмодерннің тарихы мен алғышарттары. Модерн және постмодерннің негізгі мәселелері. Модерннің тарихи формасы. Модернистік жоба. Модернизм және постмодернизм арасындағы эстетикалық айырмашылық. Постмодернизмнің пайда болуы. Постмодерн мәдениетінің негізгі ерекшеліктері

Тақырыбы: Модернизм, постмодернизм, урбанизм.

Тақырыпшалар: Урбанизм және капитализм. Постмодернизмдегі урбанизация және интерпретация мәселесі. Постмодерндік өнер стильдерінің дамуы. Импрессионизм, экспрессионизм, кубизм, фовизм, сюрреализм, абстракционизм.

Тақырыбы: Модернизм мен постмодернизмнің архитектуралық тәжірибесі. Тақырыпшалар: Постмодернизмдегі архитектураның негізгі стильдері. Модернистік сәулет пен постмодернизм арасындағы айырмашылық. XX ғасыр және XXI ғасырдағы классик пен жаңашылдықтың үйлесуі. Постмодерндық сәулеттің технологиялық жаңалықтары. Қалалық кеңістік мәтін ретінде. Постмодернизмнің үлгісі ретіндегі қазіргі жапондық сәулет стилі.

Тақырыбы: Постмодернизм, сезімталдық, кеңістік және уақыт.

Тақырыпшалар: Уақыт пен кеңістік түсінігі және оның постмодернизмдегі интерпретациясы. Модернизм кеңістігі мен постмодернизм арасындағы айырмашылық. Уақыт түрлері.

Тақырыбы: Деррида және қазіргі деконструкция.

Тақырыпшалар: Деррида тұжырымдамасындағы із ұғымы. Деконструкция тұжырымдамасы. Метафизиканы және онтологияны деконструкциялау. Билік, идеология, мәдениет. М. Фуко мен Дж. Бодриар интерпретациясындағы билік мәселесі. Билік, мәдениет және идеология ұғымдарының ара қатынасы. Билік мен бағынышты адам мәселесін зерттеудің негізгі тәсілдері. Биліктің заманауи тұжырымдары.

Тақырыбы: Постмодерн мәдениет философиясының негізгі өкілдері (Дж.Делез, Ж.Ф. Лиотар).

Тақырыпшалар: Делез: мәдениет философиясында деген тілек мәселесі. Делез және Фрейд. Шизоанализдің мәні. Постмодернизмдегі ризома және симулятор мәселесі. Ризома Делез мәдениет философиясының принципі ретінде. Лиотар бойынша дискурсивті (тілдік) және фигуративті (бейнелі) арасындағы айырмашылық. Түсіндірме білімі. Метанаррация.

Тақырыбы: Постмодернизмдегі тіл мәселесі (Р.Барт, Дж. Деррида, Дж.Бодриар және т.б.).

Тақырыпшалар: Р.Барт тұжырымындағы белгі және тіл мәселесі. Мәдениет мәтін ретінде.

Коннотация мәселесі. Деррида және тіл мәселесі. Тіл хат ретінде. Жазуды дамытудың тарихи кезеңдері. Дауыс пен хат. Хаттың деконструкциясының негізгі алғышарттары. Фонетикалық жазу. Фонетикалық емес жазу. Архиписьсо. Логоцентризм. Фоноцентризм. Онто-тео- телеоцентризм. Бодриар тұжырымдамасындағы симулятор және симуляция. Шынайылық және гиппе шынайылық. Диалектикаға скептикалық қарым қатынас.

Тақырыбы: Құрылымдық постструктурализм және семиотика.

Тақырыпшалар: Р. Бартт постмодернизмнің жарқын теоретигі ретінде. Семиотика - символдар мен белгілер туралы ғылым. Структурализмнің негізгі әдістері. Постструктурализмді зерттеу әдістері. Р.Барттың миф теориясы. Барт тұжырымдамасындағы образ мифологиясы және идеологиясы. У.Эко тұжырымдамасы. У. Эко және структурализм мәселесі. В. Эконың постструктуралисттік идеялары.

Тақырыбы: Мәдениет негізі (нәсілдік, кластық, гендерлік, этникалық айырмашылықтар) мәдениеттанудың басты мәселесі ретінде.

Тақырыпшалар: Айырмашылық түсінігі. Нәсілдік айырмашылықтардың сипаттамасы. Таптық пен этникалық айырмашылықтар заманауи адамның өзін-өзі анықтайтын факторлары ретінде. Гендерлік айырмашылықтар. Гендерлік стратификация.

Тақырыбы: Феминизм мәдениеттану феномені ретінде.

Тақырыпшалар: Феминизм XX ғасырдың мәдени феномені ретінде. Симон де Бовуардың феминизм туралы негізгі идеялары. Феминизм туралы Шығыс және Батыс идеялары. Әйелдердің құндылықтары. Постмодернизм және феминизм. Постмодернизмдегі әйелдер мен биліктің мәселесі. Қоғамдағы басымдық пен үстемдік мәселесі. Еркек және әйел. Әйелдерді маргинализациялау мәселесі. Жыныстық қатынас және оның мәдениет пен қоғамдағы формалары. Қоғамдағы және мәдениетіндегі әйелдерді шектеу проблемалары. Әйелдердің саясаттағы рөлі. Қазіргі кезеңдегі пост-феминизм.

Тақырыбы: Субъективтілік, сәйкестілік, мәдениет.

Тақырыпшалар: Мәдени сәйкестік тұжырымдамасы. Өзін-өзі тану және өзін-өзі анықтау тұжырымдамасы. Өзін-өзі көрсету және имитация. Постмодернизмдегі білім мен биліктің мәселесі. Мәдениет жүйесіндегі білім. М.Фуко «Білімге ерік». Білімнің легитимділігі мәселесі. Білімнің орындалу заңдылығы. Гуманитарлық ғылымдардың пәнаралық шекараларын постмодернизм шарты ретінде жою. Лиотар бойынша ғылыми білімді легитимациялау мәселесі. Білімді коммерциялау мәселесі. Технологиялық қоғамдағы білім мәртебесін өзгерту. Білімнің коммерциализациясы. Білімді акпараттандыру. Ақпараттық қоғамдағы білім беру мәртебесінің өзгеруі. Қазіргі кезеңдегі постмодернизм. Жаһанданудың негізгі мәселелері. Жаһандану және интеграция мәселесі.

«Қазақ мәдениетінің тарихы» пәні

Тақырыбы: Қазақстан мәдени феноменіне басқа мәдениеттердің әсері. Тақырыпшалар: Түркілік мәдениеттің шығуы, бірлігі, мәдени-тарихи дамудың үрдісі. Этникалық ерекшеліктер. Қазақ қоғамының этникалық құрылымы. Мәдени-тарихи мұраның мәні. Шығыс пен Батыс мәдениеттері диалогы.

Тақырыбы: Көшпенділік, номадизм - шаруашылық жүргізудегі негізгі және өмір сүру тәсілі.

Тақырыпшалар: Әлеуметтік экономикалық, тарихи, географиялық жағдайы, көшпенді өмір тәсілі. Қазақ мәдениеті көшпенді мәдениеттің түрі ретінде, отырықшы мәдениетке ауысу әлемі. Қазақтардың өмір сүруіндегі философиялық қатынас әлемі.

Тақырыбы: Прототүркілер мәдениеті.

Тақырыпшалар: Ежелгі сақтардың негізгі сенімі, өнер стилі. Сақтардың «аң стилі» және оның қазақ ою-өрнегінде көрініс табуы. Анарыс – сақ философы. Сақ тайпаларының басқа өркениеттермен мәдени байланысы. Көшпелі халықтың Батысқа Ұлы қоныс аударуы. Үйсіндер, қаңлылар, ғұндар прототүрік мәдениетінің негізін салушылары ретінде.

Тақырыбы: Евразиядағы көшпенділер мәдениеті.

Тақырыпшалар: Прототүріктер мәдениетіндегі рухани және материалдық мәдениет. Ұлы Жібек жолы және прототүріктер. Номадизмнің рухани мұрасын зерттеу және олардың халық шығармашылығында көрініс табуы. Ерте түркі мемлекеті – Түркі қағанаты. Сол кезеңдегі Иран, Византия секілді ірі мемлекеттермен арақатынасы. Қытай мен Түркі қағанатының қарым-қатынасы. Батыс-Түркі мемлекетінің мәдениеті (603 – 704 жылдары)

Тақырыбы: Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуі және мәдени үрдістер.

Тақырыпшалар: Ауқатты адамдардың балаларының Бұқарадағы, Самарқандтағы, Хиуадағы, Ташкенттегі медреселерде білім алуы. Қарапайым көшпелі халықтың балалары негізінен ауыл молдаларынан сауат алуы. Зайырлы сипаттағы оқу мектептерінің ашылуы негізінен отарлық аппаратқа шенеуніктерді дайындау қажеттілігімен байланысты болды: тілмаштар, хатшылар. Қазақ мәдениетінің көрнекті өкілдері: Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин и Абай Құнанбаев.

Тақырыбы: Қазақ эпосы және фольклор.

Тақырыпшалар: Түркі халықтарының тарихындағы этногенез, әлеуметтік құрылым, саяси жағдай, ұлт-азаттық күрес секілді мәселелерді шешудегі негізгі басымдылық. Әлемдік өркениеттегі қазақ мәдениетінің орны. Қазақстан мәдениетінің тарихы концепциясы және евроцентризмді сынау. Номадизм қазақ мәдениетінің архетипі ретінде. Қазақстан территориясындағы ежелгі малшаруашылығымен айналысқан тайпалардың мәдениеті. Әлемдік өркениеттегі түркі мәдениетінің орны. Түркілердің бірінші мемлекеттік құрылымдары. Қазақстан территориясындағы қалалар мен елді-мекендер.

Тақырыбы: Мәдениет және тарихи мәтіндер.

Тақырыпшалар: «Орхон-Енисей» ескерткіштері және оның түркі халықтарының жазбасының қалыптасуындағы орны. Түркілердің діні мен сенімі. Түркі халықтарының космогониясы мен мифологиясы.

Тақырыбы: Қазақстан Республикасындағы мәдени-әлеуметтік жағдай.

Тақырыпшалар: Кеңес Одағының құлауы және тоталитарлық мәдениеттің бөлшектенуі. Ұлтаралыққатынастың өршуі және этномәдениеттердің қақтығысы. Нарық және мәдениет.

Тақырыбы: Қазақ мәдениеті мен батыстандыру.

Тақырыпшалар: Мәдени қайта жаңғыру мақсаты мен заманның рухани жағдайы. Эрзац- мәдениет және антимәдениет. Діндегі, өнердегі, білім берудегі мәдени-әлеуметтік процесстер.

Тақырыбы: Қазақстан Республикасындағы мәдени жаңғыру бағдарламасы. Тақырыпшалар: Мәдени құрылыстағы негізгі бағыттар. ҚР ұлттық-мәдени орталықтар және олардың ұлтаралық келісімді нығайтудағы орны. ХХІ ғасырдағы қазақ мәдениетінің даму алғышарттары. Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» бағдарламасы. Рухани жаңғыру. «Ұлы Даланың жеті қыры»

III. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Негізгі:

1. Мәдениеттану: Оқулық. ҚР БҒМ ұсынған. Авторлар ұжымы.– Алматы: Лантар Трейд, 2022. ISBN 978-601-250-155-1. – 416 б. 1-15 тақырыптар: 1.1. - 1.9. (6-133 беттер); 3.1.- 3.13 (294-408 беттер)
2. Нуржанов Б.Г., Ержанова А.М. Культурология в новом ключе. - Алматы, 2011.
3. Мәдениеттану. Культурология. Хрестоматия (Электрондық кітап). Авторлар ұжымы.
- Алматы: Қазақ университеті, 2022. <http://elibrary.kaznu.kz/ru/node/8132>
4. Ғылым тарихы мен философиясы. Авторлар ұжымы – Алматы: Лантар Трейд, 2019. – 334 б.
5. Алан Бэрнارد. Антропологияның тарихы мен теориясы (Ғабитов Т.Х. – 25 видеолекция) Ссылка . Тіркеу тегін: <https://openu.kz/kz/courses/antropologiya-tarihy-men-teoriyasy>
6. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің теориясы мен тарихы: Оқулық (ҚР БҒМ РОӘК). – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 343 с. 5-15 тақырыптар: 1 – 4 модульдер. (3-300 беттер)

Қосымша:

1. Жолдубаева А.К. Культурология: практикум. - Алматы Қазақ университеті, 2014.
2. Жаһандану және Қазақстанның заманауи мәдениеті: ұжымдық монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. –334 б. ISBN 978-601-04
3. Нуржанов Б.Г. Модерн. Постмодерн. Культура. – Алматы: Өнер, 2012
4. Мәдени-философиялық энциклопедия. Авторлар ұжымы – Алматы: Лантар Трейд, 2019. – 344 б.
5. Gabitov Tursun. Kazakh culture . - Almaty: Lantar Trade, 2020. - 247 p.
6. Қазақстан руханияты мен мәдени ескерткіштерінің энциклопедиясы. Авторлар ұжымы. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 298 б.
7. Жолдубаева А.К. Мәдени антропология: негізгі мектептер және бағыттар. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 160 б.